

Ескі газеттер бетінен, Естелік алауы

ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ ЖЫЛЫ КИІМДІ МОЛ БЕРЕЙІК!

Майдандағы жауынгерлерге көмектесе
береміз

Аудандық архивте өткен жылдардағы аудандық газеттер мұқият сақталуда. Уақыт өте келе сарғайған беттерді парақтай отырып, біз әкелеріміз бен аталарымыздың қалай өмір сүргендерін, олар қалай жұмыс істегенін, қандай принциптермен өмір сүргенін, ауданымыздың тыныс-тіршілігін білеміз.

Біздің елімізде майдан мен тыл бір тұтас. Сондықтан да майдан жауынгерлері өзінің сүйікті отанын қорғап, герман фашизмін талқандау үшін ерлік күрес жүргізіп отырды. Ал тыл жауынгерлері қажырлы еңбек етіп, тылды нығайтып, майданға не керектің бәрін беріп көмектесіп отыр.

Соның бірі «Тыңғылықты» колхозының колхозшылары отанның сэрқылмас қорын жасауға, майдандағы жауынгерлерді жылы киіммен қамтамасыз етуге белсене қатысты.

Бұл колхоздың колхозшылары отан қорына 4010 сомның облигациясын берді. Қызыл Армияға 17 қой терісі, 14 қолғап, 3 құлақпын, 2 жылы шалбар, 2 жылы көйлек, 8 кило кой жүнін, бір пальто, бір одиял, 2 жылы күрте көйлек, және 8 ішкіім берді.

Мұнымен бірге Қызыл Армияға жаңа жыл сыйлығына 180 кило бидай, 100 кило тары, 2 қой, 5 кило ақтаған сөк, 10 тауық, 150 сом ақша және 16 бәлек сабын берді. Сол сияқты бұл колхоздағы комсомолецтер танк колоннасын құруға 90 сом ақша берді.

Кәзірде колхозшылар Қызыл Армияның XXIV жылдық мерекесіне жаңа сыйлықтар әзірлеуде. Осы күннің өзінде-ақ майдандағы жауынгерлерге 10 қой терісін, 8 кило қой жүнін, 150 сом ақша берді. Міне біздің колхоздың колхозшылары майданға осы сияқты көмегін күшейте береміз. Сөйтіп Қызыл Армияның не керегінің бәрін үстемелеп бере беруге тиістіміз.

Ғ.Бейісов
«Сталин туы» газеті 31 қаңтар 1942 жыл. №10
Материалды дайындаған
Қорғалжын мемлекеттік архиві